


Тәуелсіздік және отаншылдық айы

1-наурыз Алғыс айту күні

Балалар суреттінің көрмесі «Менің анамның суреті»



1-наурыз – Алғыс айту күніне орай

«Менің анамның суреті» атты балалар суреттерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – балалардың анаға деген сүйіспеншілігін, құрметі мен алғысын білдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Көрмеге тәрбиеленушілер белсене қатысып, өз аналарының бейнесін түрлі түстермен әсемдеп салып, жүрекжарды сезімдерін сурет арқылы жеткізді. Көрме жоғары деңгейде өткізіліп, балалардың шығармашылық жұмыстары ата-аналар мен тәрбиешілердің ыстық ықыласына бөленді.

8-наурыз аналар күніне арналған ертеңгілік



8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай балабақшада «Ана – өмір шуағы» атты мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды.

Ертеңгіліктің мақсаты – балалардың анаға, әжеге деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу және отбасы құндылықтарын насихаттау.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер аналар мен әжелерге арнап тақпақ айтып, ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік ойындар ойнатылып, жылы лебіздер мен құттықтаулар айтылды.

Ертеңгілік жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен әсерлі сәттер сыйлады.

«Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» күніне арналған ертеңгілік









«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесіне орай балабақшада мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды.

Ертеңгіліктің мақсаты – тәрбиеленушілерге қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, туған елге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін қалыптастыру. Мерекелік іс-шара барысында балалар тақпақ айтып, ән шырқап, би биледі, ұлттық ойындарға қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Ертеңгілік жоғары деңгейде өтіп, балалар мен ата-аналарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.